

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-  
ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ  
СПОРТ ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ  
ӨНЕР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ  
КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 6 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы  
28.03.2023 жыл

**Қатысқандар:** АК төрағасы – PhD, аға оқытушы Г.Г.Масадикова, АК мүшесі, академиялық персонал – магистр оқытушы Д.Б.Есеналиева, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет қайраткері, аға оқытушы А.Т.Ботақараев, АК мүшесі, академиялық персонал – магистр оқытушы М.Д.Абилдаев, АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет саласының үздігі, аға оқытушы У.А.Кулетова, АК мүшесі, академиялық персонал – Б.О.Тажиметов

**Күн тәртібі:**

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету
2. Бағдарламалық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру
3. Жаңартылған, жаңа әзірленген Жоғарғы оқу орнынан кейінгі ББ паспортын ББ тізілімдемесіне ұсыну
4. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

**АК төрағасы PhD., аға оқытушы Г.Масадикова:** Саламатсыздар ма, АК мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде «Өнер даярлау» бакалавр деңгейіндегі ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету; Бағдарламалық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру; Жаңартылған, жаңа әзірленген Жоғарғы оқу орнынан кейінгі ББ паспортын ББ тізілімдемесіне ұсыну; Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

**АК төрағасы – PhD., аға оқытушы Г.Масадикова:** Күн тәртібіндегі *бірінші* мәселе бойынша, ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі

нормативтік талапқа сай рәсімделуінде байланысты келесі талаптар орындалуы керек:

- ББ құзіреттерінің пәндерді қамту барысында ОН (оқыту нәтижелеріне) негізге ала отырып жасалуы керек,
- пән сипаттамаларын үш тілде (қазақша, орысша, ағылшын тілінде) жазылу керек екендігін,
- әр бір пән сипаттамасы 40-50 сөз арасында,
- Пән сипаттамаларының мақсаты және білімгерлердің оқу нәтижелері көрсетілуі керек.

Осы айтылған мәселелер бойынша 2023-2024 оқу жылы ББ бағдарламасыны қолданысқа ендірілуін қамтамасыз етулеріңіз керек.

**АК мүшесі, академиялық персонал – магистр оқытушы Д.Б.Есеналиева:** Күн тәртібіндегі *екінші* мәселесі, Бағдарламалық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру жұмыстарын «6B02126-Дизайн» білім беру бағдарламасы бойынша бастадық. Түркістан жоғары көпсалалы, қол өнер колледжінің директоры А.К.Абпазов және Түркістан қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Оқушылар сарайы» ШЖҚ МКҚК директоры И.С.Икаповамен жаңартылған ББ бағдарламасы аясында өзекті мәселелерді қарастырдық. Кездесу нәтижесінде жаңа ББ бағдарламасына бітіруші түлектердің жаңа заманауи технологияларды, программалармен жұмыс жасай алатынын, соңғы трендтерді зерттеу арқылы жаңа көзқарастар жасау алатын компьютерлік дизайн және компьютерлік бағдарламамен құрастыру сабақтарын енгізілуін ұсынды.

**АК мүшесі, академиялық персонал – ҚР Мәдениет қайраткері, аға оқытушы А.Т.Ботақараев:** Күн тәртібіндегі *үшінші* мәселе бойынша, Жаңартылған, жаңа әзірленген Жоғарғы оқу орнынан кейінгі ББ паспортын ББ тізілімдемесіне ұсыну жұмыстары жасалында. «Өнер даярлау» бағыты бойынша «Орындаушылық өнер» кафедрасына тиесілі бес ББ (Дәстүрлі музыка өнері, Актерлік өнер, Эстрада өнері, Хореография) паспортын әзірлеу барысында.

**АК төрағасы PhD, аға оқытушы Г.Масадикова:** Құрметті АК мүшелері «Өнер даярлау» бағыты бойынша бүгінгі мәжілісте қарастырылған мәселелердің барлығына тоқталып, атсалысқандарыңыз үшін рақмет. Енді оны талқыладық алда жұмыстар көп және ауқымды жұмыстарды бірігіп жасасақ барлық жұмыстар шешімін табады деп сенемін.

**Шешім:** Күн тәртібіндегі мәселелері бойынша «Өнер даярлау» бағытының ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделуін келесі отырыста соңғы нәтижесін талқылансын. Бағдарламалық аккредиттеудің Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру жұмыстарын қалған ББ толықтай атқарсын. ББ паспортын әзірлеуде барлық ережелерін қамтылуы



керек екендігі ескеріліп, наурыз айында атқарылған іс-шаралар нәтижесі талдансын және қабылдансын.

**АК төрағасы:**



**Г.Масадикова**

**Хатшысы:**

**Д.Есеналиева**